

Қ.ҚАРАТЫШҚАНОВА¹✉, С.ПӘРМЕНҚҰЛ², Б.СИЗДИКОВ³, Т.ИСКАКОВ¹

¹Халықаралық туризм және меймандостық университеті

(Қазақстан, Түркістан), e-mail: k.karatyshkanova@iuth.edu.kz

²Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі РМҚК (Қазақстан, Шәуілдір)

³Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

(Қазақстан, Түркістан)

**XI–XIV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ДІНИ-ҒҰРЫПТЫҚ
МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ РУХАНИ ТУРИЗМДЕГІ ӘЛЕУЕТІ (КҮЛТӨБЕ
ҚАЛАШЫҒЫ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Аңдатпа. Түркістан қаласының түркі дүниесіндегі тарихи, рухани орны — қазіргі таңда толық зерттеліп болмаған өзекті ғылыми мәселелердің бірі. Ислам діні келмей тұрып-ақ Түркістанның қасиетті мекен ретінде танылуы, бұл өлкенің көне дәуірлерден бастап-ақ киелі кеңістік ретіндегі тарихи-мәдени рөлін аңғартады. Түркі халықтарының ортақ тарихи жадында Түркістан – тек географиялық нүкте емес, рухани тұтастықтың, мәдени сабақтастықтың және өркениеттік өзін-өзі танудың іргелі белгісі ретінде қалыптасқан. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаевтың «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» заңға қол қоюы – осы рухани-мәдени салмақты мемлекет тарапынан мойындаудың айқын көрінісі.

Осы мақалада Түркістан қаласының құрамдас бөліктерінің бірі – Күлтөбе қалашығында жүргізілген археологиялық және остеологиялық зерттеулер негізінде XI–XIV ғасырлар аралығындағы діни-ғұрыптық дәстүрлер мен жерлеу мәдениеті қарастырылады. Зерттеу нәтижесінде табылған қабір құрылыстары мен зергерлік бұйымдар (алтын сырға, қола білезік, шыны моншақтар) мұсылмандық қағидаттармен қатар, жергілікті наным-сенім жүйесінің өзара тоғысу үдерісін көрсетеді. Бұл жағдай діни сенімдер мен күнделікті тұрмыстың синкреттік сипатын аша отырып, Түркістанның мәдени-рухани болмысының көпқырлылығын дәлелдейді.

Мақалада қарастырылған деректер тек ғылыми тұрғыда ғана емес, қазіргі замандағы рухани және мәдени туризмнің мазмұнын байытуда да маңызды. Түркістанның археологиялық және сакралды кеңістіктері туристік маршруттар үшін құнды нысандар бола алады. Күлтөбе сияқты киелі орындарда сақталған тарихи-мәдени жәдігерлер, әсіресе зияраттық сапарлар мен танымдық-экскурсиялық туризмді дамытуда ерекше маңызға ие. Ортағасырлық дәуірлерге тән жерлеу салттарының ерекшелігі, мәдени синтездің айқын белгілері, сондай-ақ рухани сабақтастықтың нақты материалдық куәлары – бұл өңірдің туристік әлеуетін арттырып қана қоймай, тарихпен рухани байланыс орнатуға ынталандырады.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:** Қаратышқанова Қ., Пәрменқұл С., Сиздилов Б., Искаков Т. XI–XIV ғасырлардағы түркістан қаласының діни-ғұрыптық мәдениеті және оның рухани туризмдегі әлеуеті (Күлтөбе қалашығы материалдары негізінде) – 2025. – No2(8). – б. 258–271. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-2.18>

***Cite us correctly:** Karatyshkanova K., Parmenkul S., Sizdikov B., Iskakov T. XI–XIV gasyrlardagy turkistan kalasynyn dini-guryptyk madenieti zhane onyn rukhani turizmdegi aleueti (Kultobe kalashygy materialdary negizinde) [Religious and ritual culture of Turkestan in the XI–XIV centuries and its potential in spiritual tourism (based on the materials of the Kultobe settlement)] – 2025. – No2(8). – p. 258–271. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-2.18>

Сонымен қатар, археологиялық деректердің остеологиялық талдаумен сабақтастырылуы Түркістан қаласының тарихи-әлеуметтік құрылымын кешенді пайымдауға жол ашады. Жерленген адамдардың әлеуметтік, жас ерекшеліктері мен мәдени атрибуттары арқылы көне Түркістанның тек діни орталық емес, сонымен бірге саяси, әскери, этноәлеуметтік мәні бар аймақ болғанын дәлелдейді.

Жалпы алғанда, мақалада ұсынылған деректер Түркістан қаласының киелілік феноменін ғылыми негізде зерделеп, оны рухани және мәдени туризмнің заманауи формаларына бейімдеу үшін маңызды теориялық және практикалық қорытындылар ұсынады.

Кілт сөздер: Күлтөбе, ғибадатхана, Ясы, Шауғар, Түркістан, жерлеу ғұрпы, Қожа Ахмет Йасауи, археологиялық қазбалар, мәдени туризм.

Кіріспе

Түркістан – түркі өркениетінің өзегінде орналасқан, көне дәуірлерден бері қасиетті мекен ретінде танылған рухани орталық. Алайда, бұл киелі қаланың толыққанды зерттелмеген тарихи қабаттары әлі де көп. Біз қазірге дейін сол рухани мұраның тек алғашқы, ең үстіңгі қабаттарын ғана тани бастағанымызды мойындауымыз қажет. Түркістанның қашан киелі мекенге айналғаны, Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың бұл өңірді не себепті таңдағаны сынды терең сұрақтарға нақты әрі жан-жақты жауаптар әлі толық берілмеген.

Бұл тұрғыда орыс зерттеушісі П.И. Рычковтың 1762 жылы жазылған «Топография Оренбургской губернии» атты еңбегі айтарлықтай қызығушылық тудырады. Онда «О Туркестанском владении» [1,18-19] атты тарауда Түркістан қаласының ежелгі кезеңдердегі мәртебесі, оның Бухарадан бұрын пайда болғандығы туралы деректер келтіріледі. Рычковтың деректеріне қарағанда, Түркістан қаласы бүкіл Азияға билік жүргізген алғашқы орталықтардың бірі болған, тіпті оны Жамшид-шах Иранскийдің салғаны жөнінде де айтылады. Бұл деректердің шынайылығын растау – қазіргі археология, антропология және дінтану ғылымдарының өзекті міндеті.

Күлтөбе қалашығынан табылған археологиялық олжалар – бұл тарихи мәліметтердің ғылыми негізін кеңейтуге мүмкіндік беретін нақты дәлел. XI–XIV ғасырлар аралығына жататын жерлеу орындары, ғұрыптық жәдігерлер, зергерлік бұйымдар мен культтік артефактілер Түркістанның ерте кезден бастап рухани-діни тәжірибе алаңы болғанын көрсетеді.

Осы тарихи деректер мен археологиялық табыстар негізінде Түркістанды **рухани туризмнің орталығы** ретінде дамыту мүмкіндігі айқындалып отыр. Түркістанға деген қызығушылықты тек діни сеніммен ғана емес, тарихи-мәдени ізденіспен ұштастыру – туризмнің жаңа форматының негізі бола алады.

Күлтөбе Қожа Ахмет Йасауи кесенесінен оңтүстік батысқа қарай 300 метр жердегі көне қалашық орны. Ол қалашықтың жоғары қабаты XVIII–XIX ғғ. тән болғандықтан ол жер бұрындары мамандардың назарын оншалықты аудармаған болатын. 1997 жылы Қожа Ахмет Ясауи университеті археологтары тарапынан жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары Күлтөбенің тарихы көне дәуірлерге кететінін анықтады. Сол кездің өзінде 2500 жылдық тарихы айқындалған болатын. Кейіннен 2011 жылы археолог Ерболат Смағұлов өзінің қазба жұмыстарын бастағанда Күлтөбенің орталық бөлігінен көне ғибадатханаға тап болады. 2012 жылы қазба жұмысын жалғастырып, бұл крест түрінде салынған ғимараттың көне ғибадатхана екенін анықтады және ол ғибадатхананың б.д. I–II ғасырлары деген қортындыға келеді [2, 8]. Күлтөбеден мұндай ғибадатхананың табылуы кездейсоқтық еместігі Түркістанның көне тарихына қатысты материалдар айғақтайды.

Ортағасырлық Түркістан қаласы – Орталық Азиядағы тарихи-мәдени дамудың көрнекті орталықтарының бірі болып саналады. Бұл қала тек саяси және діни маңыздылығымен ғана емес, сонымен қатар оның құрамындағы археологиялық ескерткіштердің, соның ішінде,

айтқанымыздай, Күлтөбе қаласының тарихи-мәдени қабаттарының байлығымен ерекшеленеді. Түркістан өңіріндегі археологиялық зерттеулердің нәтижелері қала аумағының кең тарихи кезеңдерді қамтитынын және түрлі өркениеттердің тоғысқан ордасы болғанын айғақтайды. Тарихи деректерге көз жүгіртер болсақ Түркістан өңірінің VII-XII ғғ. «Шауғар» деген атпен танылғандығы белгілі. Бұл өңір Түркі қағанатына қараған. Өңір IX ғ. қарлұқтар мен оғыздардың ықпалында болды. Қазіргі Түркістан қаласынан оңтүстік-шығысына қарай 8 шақырым жерде орналасқан Шойтөбе атты көне қала орны сол бұрынғы Шауғар қаласының орны деген болжам бар [3,77; 4, 176].

Қожа Ахмет Йасауидің көне Йасы қаласына келуінің өзі жайдан-жай еместігін, ол кісінің бұл жердің киелілік сипатын танып барып келгенін көрсетеді. Демек, Е. Смағұлов Күлтөбе қалашығында ашқан көне ғибадатханасы сол қытай жазбаларында жазылған ғибадатхана екендігіне дау жоқ. Бұл жерде бізді таң қалдырған тағы бір мәселе Күлтөбедегі ғибадатхана мен Қожа Ахмет Йасауи кесенесі арасында жерасты жолының болуы және ол жер асты жолы кесене салынбай тұрып, Қожа Ахмет Йасауиден де көп бұрын болғандығы таң қалдырады. Демек, бұл Күлтөбе ғибадатханасы мен Қожа Ахмет Йасауи кесенесі арасында көнеден келе жатқан қандай да бір байланыстың болғандығын көрсетеді. Сол байланыстың мәнін ашуға Шойтөбе қалашығында 1989-1992 жылдар арасында жүргізілген қазба жұмыстары да аз да болса мәлімет бере алады. Мысалы, 1990 жылы жүргізілген қазба жұмыстарында кездескен жерлеу рәсімдері біз үшін ол кезде жұмбақ болатын. Шойтөбеде жерленген кісілердің көпшілігінің бастары солтүстік-батысқа қарай жатқызылып, жүздері Түркістанға қарай жерленуі болатын. Ондай жерлеу рәсімдері №9 бөлмеде, 10-11 бөлмелер аралығында жерленген мүрделердің осындай тәртіппен жерленгенін көруге болады. Алайда, біз ол кезде бұл мәселеге оншалықты мән бергеніміз жоқ. Ал соңғы жылдары табылып жатқан деректер Шойтөбедегі кісілерді жерлеу рәсімі кездейсоқтық еместігін көрсетіп отыр [5, 9-10]. Бұл болжамымыздың дұрыстығын «Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің Қазандық бөлмесінде жүргізілген археологиялық зерттеулер» де дәлелдейді. Кесененің Қазандық бөлмесіне жерленген кісілердің сағаналарын зерттеген кезде олардың барлығындағы мүрделердің бастары Қабырханаға қарай бағытталып жерленгенін көруге болады. «Сүйектердің басы бес жаққа бағытталған. 16 мүрденің басы солтүстікке, 22 мүрде солтүстік-батысқа, яғни Қабырхана жаққа бағытталған» [6, 3 б]. Бұл келтірілген деректердің барлығы Күлтөбедегі ғибадатхана мен Қожа Ахмет Йасауи кесенесі арасында белгілі бір байланыстың барлығын, Түркістанның көне дәуірлердің өзінде-ақ діни-рухани орталық болғандығын дәлелдейді. Сонда қытай жазбаларындағы «Шы» атты қала қай дінмен байланысты еді деген заңды сұрақ туындайды.

Ал ол байланыстың құпиясын ашу біздің алдымызға жаңа әлі шешімі табылмаған жаңа міндеттер қояры анық. Сондықтан біз жауабы табылмаған сұрақтарға жауап беру үшін мәселені басқа қырынан қарастыруды жөн санадық. Ол үшін жалпы Кангюй мемлекетінің, оның халқының тарихына тереңдеп қарау керектігін түсінеміз. Кангюй атауы қайдан шықты, неге байланысты олай аталды? Алдымен осы сұрақтарға жауап бере алсақ, ары қарай осы кезге дейін шешілмей келген түйінді шешуге жол ашылмақ.

Көне дәуір ескерткіші, зооастризм дінінің негізгі кітабы болып табылатын «Авестада» Сырдария өзенінің көне аты «Канха» деп аталады [7,36;201] Осы Канха өзені жағасындағы халықты ирандықтар «кангар», қытайлар «кангюй» деп атады. Бұл халықты осы күнге дейін тарихта ирантілдес болды деген пікір қалыптасқан және ол пікір әлі өзгере қойған жоқ. Алайда, канха немесе қаңлы атауы ирантілдес халықтар құрамында кездеспейді және Канханы Иранның шығысындағы ел деп атайды. Демек, кангардың да, кангюйдің де

ирандықтарға ешқандай қатысы жоқ. Ал түркілердің өзі Сыр бойын мекендеген халықты «қаңлы» деп атағаны бұрыннан белгілі және осы қаңлы атауы бар қаншама ру, тайпаларды түркі халықтары құрамынан кездестіре аламыз. Олай болса, қазақ және өзге де түркі халықтары атаулары құрамында «қанх» компоненті бар ру, тайпалардың шығу тегін осы «Қанхамен» байланыстырғанымыз дұрыс. Мысалы, қаңлы, қоңырат, кенгерес, кенегес т.б. атаулардың түп негізі Сырдарияның сол көне атауымен байланысты екендігі күмән тудырмайды. Алайда, бұл пікірдің қазіргі отандық тарих ғылымында қалыптасқан «Түркілер Сібір ормандары мен Моңғол үстіртінен, Алтайдан келді» деген қалыптасқан пікірге қайшы екендігін де білеміз. Соған қарамастан түркі халықтарының шыққан тегі мен жеріне қатысты жаңа тұжырымды ұсынып отырмыз. Бұл бір жағынан түркі халықтарының негізгі шыққан жерінің қайда екендігін, қазақ ешқашанда қазіргі өзінің тұрған жеріне сырттан көшіп келмегендігін білдірсе, екінші жағынан өзінің түп тарихын қайта қарастыруға мүмкіндік алады. Ол үшін көне тарихи дерек көздерін қайтадан сараптаудан өткізу қажеттігі туындайды. Енді сол дерек көздеріне кезек беріп, түркінің шыққан тегіне қайта талдау жасап көрелік.

Рашид ад-диннің «Жылнамасында» Нух пайғамбардың жерді солтүстіктен оңтүстікке қарай үшке бөліп, оның бір бөлігін үлкен ұлы Хамға бергенін, Хамнан қара нәсілді халықтар тарағанын; екінші бөлігін Самға бергенін, одан араб, парсы мен жалпы индоевропалықтар тарағанын; үшінші бөлігін Яфетке (Яфес) бергенін, Яфеттен түркілер мен моңғолдар және т.б. халықтар таралғанын жазады [8, 80]. Әбілғазының «Түрік шежіресінде» де осы аңыз қайталанады [9, 208 б.]. Осы Нух пайғамбардың ұлы Яфестің баласын не немересін түріктер Булджа (Абулджа) хан деп атайды. Рашид ад-дин «Жылнамасында» Абулджа ханның тұрған жері туралы мынадай деректер келтіріледі: Абулджа ханның жайлауы Ортау мен Қазтауда болды және осы маңайда Инандж атты қала бар еді. Ал қыстауы Бурсун, Какян, Қарақорұм атты жерлерде. Осы жерлерге жақын Талас, Қары-Сайрам атты қалалар болды. Қары-Сайрам қаласы көне, әрі үлкен. Ол қаланы көргендер бір шетінен екінші шетіне жету үшін бір күн жол жүру керектігін жазады [8, с. 80]. Орыс зерттеушісі Н.Березин Рашид ад-дин келтірген осы деректі талдай келе, Қазтау Сырдария өзенін жағалай созылып жатқан Қаратау, Ортау Талас Алатауы деп есептейді [10, с. 80]. Бұған қоса қалалар атауынан да бұл жерлердің түркілерге тән екенін байқауға болады. Жалпы бұл деректер түркілердің шыққан жері осы Сыр бойы мен Қаратау мен Алатау болғандығын көрсетеді. Ал Қары-Сайрам қаласы туралы дерек те түріктің түп қазығы осы Сыр бойы болғандығын нақтылай түседі. Қары Сайрам аталған қала түрік дүниесінің рухани тірегі болған Түркістан емес пе деген заңды сұрақ туындатады. Өйткені, Оғыз қаған аңызының түріктер арасына тараған нұсқасында Оғыз қағанның астанасы «қырық қақпалы Қарашық» атты қала екендігі айтылады. Түркістанның «Қырық қақпалы Қарашық» деп аталуы көнеден келе жатқан атау екендігін тарихи деректер де айғақтайды. Мысалы, Молла Мұхамметсадық Сапабекұлының «Түркістандағы тарихи зиарат» атты еңбегінде Қожа Ахмет Йасауидің «қырық қақпалы Қарашыққа» келгендігі жазылады [10]. Ортағасырлық араб деректерінде бұл қала «Шавғар» деген атпен белгілі. Ал, археолог Е.Смагулов Шавгар атауының соғды тіліндегі формасында жеткенін, соғды тілінде де «Sawgar» - «Қаратау» аталғанын және көне Канг сақтарының /турлардың/ киелі орталығымен байланысты айтылғанын жазады [11, с.131]. Демек, бұл деректердің барлығынан киелілік сипат Түркістан жерінің көнеден келе жатқан айрықша белгісі екендігін көруге болады. Ендігі кезекте біздің алдымызда Түркістан жерінің тарихына, киелілік сипатының қалыптасуына ықпал еткен негізгі факторды анықтау мақсаты тұрады.


«Шауғар» сөзінің қазақ тілінде аудармасы Қаратау. Шауғар мен Фараб өңірі Тарбад деп

аталған бір иеліктің құрамдас бөлігі болған. Сондықтан Махмуд Қашқари «Дивани лұғат ат-Түрік» атты еңбегінде «Қарчук-Фарабтың басқа аты» деп жазады. Бұл иелік түркі қағанатына қарады. Араб географы әл-Мақдисидің сипаттауынша X ғ. аяғында: «Шауғар айналасында елді мекендер бар, биік қорғанмен қоршалған үлкен қала. Мешіті базар ішінде. Араб деректері бұл қаланы Шауғар десе, түркі деректері Қарашық деген. «Оғыз қаған» дастанында Салар Қазанды «Қарашықтың қабыланы» деп жырласа, қазақ жыр-дастандарында, аңыз-әңгімелерінде «Қырық қапалы Қарашық» деп аталған [11, 6]. XII ғ. Шауғар аты тарихи деректерде сирек кездесіп, қала Ясы атымен кеңінен таныла бастады. Бұған түркі дүниесінің рухани ұстазына айналған Қожа Ахмет Ясауидің аталмыш қалада өмір сүріп, өз ілімін насихаттауы қаланың одан әрі гүлденіп дамуына бірден-бір себепші болды.

XV-XVI ғғ. Ясы қаласының атауы Түркістан деген атпен таныла бастайды. Қала атауының өзгеруіне байланысты алғаш пікір білдірген зерттеушілердің бірі В.В.Бартольд болды. Шығыстанушығ академик «Ислам энциклопедиясында» жарияланған «Түркістан» атты мақаласында түркі елінің пірі Қожа Ахмед Ясауидің халық берген атағы Әзіреті Түркістан болғандықтан қаланың жаңа атауы осыдан туындаған болса керек деп пікір қалдырған. Ортағасырлық қала мәдениетін зерттеген Е.И.Агеева мен Г.И.Папевич жазба деректеріді талдай отырып, Ясы атауының Түркістан деп өзгертілуі XVI ғ. екінші жартысынан басталғанын анықтаған. Зерттеушілердің пікірінше, қала атауының өзгеруі бұл аймақтың қазақ хандығының құрамына өтуіне байланысты болған. Е.А.Смағұлов, «Шайбани хан жорықтарынан Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияға келген түркі экспанциясынан кезекті толқыны түркі әулиесінің тұлғасы мен Ясыдағы оның кесенесін әдеттен тыс оны танымал ету нәтижесінде, қаланың байырғы есімі жаңа атпен ауысты» деген тұжырымға тоқталады [12,8].

Түркістан қаласының көне орны саналатын Күлтөбе қаласының мәдени қабаттарын зерттеу барысында анықталған жерлеу орындары мен қабір құрылымдары ортағасырлық тұрғындардың діни наным-сенімдері, жерлеу дәстүрлері мен әлеуметтік құрылымына қатысты маңызды мәліметтер береді. Ислам діні таралған кезеңдегі жерлеу салттарының ерекшеліктері мен археологиялық контексте табылған заттай деректер (әшекейлер, ыдыстар, мүсіншелер және т.б.) бұл дәуірдегі идеологиялық және мәдени өзгерістерді пайымдауға мүмкіндік береді. Аталған зерттеу жұмысы Күлтөбе қалажұртында 2019 жылы жүргізілген археологиялық қазба деректеріне сүйене отырып, жерлеу ғұрпының типологиясын, қабір құрылыстарының түрлерін, мәйіттердің жерлену ерекшеліктерін және антропологиялық құрамын кешенді түрде сипаттауға бағытталған. Бұл деректер Түркістан қаласының тарихи дамуындағы әлеуметтік, этномәдени және діни үрдістерді ғылыми тұрғыдан саралауға мүмкіндік береді.

Кез-келген ортағасырлық тарихшылар мен жиһанкездерден көне Түркістан шаһарына соқпай кеткені кемде-кем деп айтсақ қателеспеген болар едік. Исі түркі халықтарының рухани астанасы бола білген Ясы (Түркістан) қаласы кәдуілгі ортағасырлық қалажұрттар секілді цитадель, шахристан, рабат бөліктерінен тұрады. Бір кездері астаналық дәрежеге жетіп, хан орталығы болған бұл қаладан қазіргі таңда үш орталық қамал орны анықталып зерттелуде. Оның біріншісі іргетасы б.з.д. I-III мыңжылдықта қаланып, моңғол шапқыншылығына дейін қызмет атқарған, ортағасырдан жеткен деректерден Ясы атауымен белгілі болып келген Күлтөбе болса [13], қалған екеуі XVIII ғасырдан бастап Ескі Түркістан қаласынан анықталып отырған екі хан ордасы (цитадель) болып табылады.



Сурет 1 – Түркістан қаласының картасы

XVIII ғасырдың ортасынан аяғына дейін Түркістанда екі хан ордасы қатар өмір сүрген. Бұл жайлы ең алғашқы деректі XVII ғасырдың соңында жасалған Д.Г. Мессершмидт картасынан көре аламыз (1-сурет). Бұл поляк суретшісі ауызша деректерге сүйене отырып Түркістан қаласының XVII ғасырдың соңындағы картасын сызады. Дегенмен картаның астына Тәуке ханның мөрі басылған. Сірә Тәуке хан елшілерінің бірі хандықтың астанасы жайлы түсінік беру үшін жасаттырған болуы керек. Картада қаланың батыс бөлігінде үш жағы көшемен шектеліп, дуалмен қоршалған көлемі 1 га жерге «Ханово место» деген анықтама жазылған. Бұл туралы деректер М.Қ. Тұяқбаев, М.М. Бахтыбаев, С.С. Мургабаев, Б.С. Сиздинов жазған «Хан Ордасында 2020 жылы жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары» мақаласында берілген.

Күлтөбе қалажұрты Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің 300 м., оңтүстігінде орналасқан тарихи маңыздылығы жоғары археологиялық нысан. Тарихи деректерге және зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелерге сүйене отырып қаланың бұл бөлігінде IX-XII және XIV-XVIII ғғ. аралықтарында біршама уақыт тіршілік тоқтап, қала орталығы тұтасымен қалалық мұсылман зиратына айналған [14]. Қалашықтың ең биік бөлігі болып табылатын цитадел мен рабадтың оңтүстік-шығыс бөлігіне жүргізілген қазба жұмысы барысында жалпы саны 300-ден астам жерлеу орнының анықталуы жоғарыда айтылған жорамалымызды нақтылай түседі. Бұл жерде басты назарға алатын жәйт, жерлеу орындарының екі немесе одан да көп кезеңнен тұратындығы болып отыр. Мәйіттер өз кезеңінің сенімін арқау ете отырып қойылған. Яғни, олар үшін белгілі бір тәртіппен қабір жасалып осы қабірге қайтыс болғандардың денесі сенімнің бұлжұтпас шарттары негізінде қойылған. Күлтөбе қалашығынан анықталып отырған жерлеу орындарының дәстүрлік ерекшелігіне назар аудара отырып төмендегіше жерлеу үрдісін тарқатып қарастырып отырмыз.

2008 жылы Е.А. Сұмағұлов және М.Қ. Тұяқбаев Д.Г. Мессершмидт картасындағы қаланың 1875 жылғы жобасы мен 1954 жылғы картасын және кейінгі жылдардағы план-схемаларын салыстыра отырып, «Хан ордасының» орнын анықтаған (2-сурет). Хан Ордасында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында жердің беткі қабатынан 1,75 м тереңдіктен төртінші құрылыс қабатына жататын оңтүстіктен солтүстік батысқа бағытталған тұйық көше, көшенің екі қапталынан он сегіз бөлме, төрт аула және бір дәліз анықталып зерттелді. Анықталған нысандар оңтүстіктен солтүстікке қарай шартты түрде белгіленді. Анықталған құрылыс нысандардың толық сипаттамасы жасалынып,

фиксацияланды, суретке түсіру жұмыстары жүргізіліп, сызбалары сызылды. Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде төртінші құрылыс қабатына жататын құрылыс нысандардың, Хан Ордасында 2008 және 2013 жылдары ашылған төменгі құрылыс қабатына жататын құрылыс нысандармен байланысып жатқандығы, кешеннің солтүстік және шығыс бөліктері тұтастай қамал қабырғасымен қоршалғандығы анықталды. Төртінші құрылыс қабатына жататын нысандардың архитектуралық ерекшелігін және аталмыш қабаттан алынған заттай деректерге салыстырмалы талдау жасай отырып, төртінші құрылыс қабатының XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басына жататындығы анықталды.

Түркістан өңірін жылдар бойы зерттеген М. Тұякбаевтің зерттеулеріне сүйенсек, кейінгі ортағасырдың аяғына қарай XVII–XVIII ғасырларда керамика өндірісі тоқырауға ұшырай бастағанын көре аламыз. Осы кезеңнің керамикаларының ішкі беттері бұлыңғыр тәрізді мұнартқан ақ, көгілдір түсті бояулармен және түссіз шыңылтырлармен көмкерілген. Сырт жағынан ақ түсті ангобпен боялып, қара сырмен ернеу жиектері мен ішкі табан бөлігіне айналдырыла сызықтар түсіріліп, екі сызық ортасы гүл дестелері тәрізді өрнектермен безендірілген, тұтастай немесе жоғары бөліктері сырланып, беттері аздап шыңылтырланған [15, 132–133-с.].



Сурет 2 – Күлтөбе қаласының әуеден көрінісі

Бұған дейінгі жүргізілген талдау, зерттеу жұмыстарына сүйене отырып қайтыс болған кісіні соңғы сапарға шығарып салу дәстүрін француз этнографы Жорж Монтандон жасаған болатын [16]. Күлтөбе қалашығынан анықталып отырған жерлеу орындарының басым бөлігі ингумациялық әдіспен жүзеге асырылған. Яғни, мәйіттер жерден қазылған тік бұрышты шұқырға қойылған. Қабірлер арасында айналдырыла қам кесекпен нығайтылған жерлеу түрлері де кездеседі. Алайда, бұл жерден анықталған жерлеу орындарының басым бөлігі жерден төрт бұрышты немесе сопақ пішінді жәй шұқырлы қабірге жерленген. Қайтыс болған кісіні жер қойнына беру, яғни, ингумациялау ғұрпы палеолит дәуірінен бастау алатыны бұған дейінгі жүргізілген зерттеу жұмысы барысында анықталған [17]. Алайда, ғалымдар арасында түрлі пікірлер қалыптастырып отырған жерлеу ғұрпының түрлері мен пайда болу кезеңі жайында нақты бір мәмілеге келе алмай отырғаны шындық. Палеолит дәуірінде бастау

алған жерлеу үрдісі қола дәуірінде қайтыс болған кісіні өртеп жіберу дәстүрімен алмасып, бірқатар елдерде әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді.

Қазба жұмысы барысында Күлтөбедегі жерлеу орындарынан ешқандай белгітас немесе қабіртас секілді қазақтың ертеден қалыптасқан жерлеу дәстүріне деген үлгілері табылмады. Сонымен бірге, жерлеудің жоғарғы бөлігі болып табылатын қабір үйіндісін де анықтау мүмкін емес. Қабір үйінділері қоқан және патшалық ресей кезеңінде жүргізілген құрылыс жұмыстары нәтижесінде тегістеліп кеткенінде дау жоқ. Бұл жердегі басты мәселе қабір үсті үйіндісі емес, ішкі үйінің ерекшелігін анықтау болып отыр. Қазба барысында мәйіттердің ақымды қабір және шұқырлы қабір секілді қабірлерге салынғандығы анықталды. Әрине, бұл жерден анықталып отырған қабірлердің басым бөлігі шұқырлы қабір түріне жатады. Шұқырлы қабірлердің басым бөлігі жәй жерден қазылған болса, арасында бірқатар қабірлердің шұқыры кең етіп қазылып, айналасы топырақ құламас үшін қам кесекпен бекітілген. Сонымен бірге, шұқырлы қабірлердің басым бөлігі доға тәріздес сопақша етіп қазылса, бірқатары төртбұрышты болып келген. Ақымды қабір түрлері Күлтөбенің оңтүстік-шығыс бөлігінен, N13 деп белгіленген шаршының солтүстік-батыс бұрышынан анықталып отыр. Мүрде екі бөліктен сыртқы үй және ішкі, яғни, ақым бөліктерінен тұратын қабірге жерленген. Қабір көлемі 1x1,8 м. Тереңдігі 1,4 м. Қабірдің ішкі бөлігі жарма үлгісінде қазылған. «Жарма ақым» деп қабірдің сыртқы үйінің бойымен бірдей етіп құбыла беттен қазылатын қабір түрін айтады. Негізі бұндай жерлеу дәстүрі еліміздің батысында жиі кездеседі. Қабірге мүрде қойылғаннан кейін қабірдің ұзына бойымен көлемі 42x18x11 см келетін қам кесектен бес қатар қаланып, жоғарғы жағы біртіндеп сыртқа шығарылып, қабірдің сыртқы үйінің жақтауына тірелген. Бұл жерде бұлай істеудегі басты мақсат қабірдің ішкі үйін жартылай күмбез тәрізді етіп жасау болып табылады. Қабірдегі мүрденің басы солтүстік-батыс бағытында, жүзі оң жаққа, яғни, батысқа қаратылып жатқызылған. Оң қолы кіндік тұсынан, сол қолы кіндіктен шамалы жоғары жерден бүгіліп қойылған. Мүрденің ұзындығы 1,66 м.

Мәйіттердің орналасу тәртібі

Қазба барысында қол жеткізілген тағы бір нәтиже қорымдағы мүрделердің басым бөлігі ересек кісілерге тән екендігі белгілі болып отыр. Күлтөбе қалажұртында анықталып отырған мүрделердің орналасу тәртібіне қарап төрт топқа бөліп сипатталды.

Күлтөбе қаласында жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында N11 шаршысында орналасқан №7 мүрдені тазалау барысында, мүрденің бас сүйегінің оң жағынан 2 дана алтын сырға табылды (Сурет – 3).



Сурет 3 – Мүрдеден табылған алтын сырға

Қазба жұмыстары кезінде мәйіттердің XI-XII ғасырларға тән құрылыстарды бүлдіргендігі белгілі болды. Осыған қарап жерлеулердің XII-XVI ғасырларда немесе оданда кейінірек мерзімде жүзеге асырылғандығын болжауға болады. Е.Смағұлов Түркістанның орта ғасырлық қорымы жайында жазған мақаласында, әсіресе, Ясауи кесенесінің іргесінен және ішкі бөлігінен анықталған жерлеулерді V-X ғғ, XI-XII ғғ, XII-XIV ғғ. мерзімдеуінің өзі біз жасаған жорамалды мерзімдеуді сүйемелдейді [18, 19].

Жалпы, ислам дінінде әйел кісі болсын, ер кісі болсын тұтынған бұйымдарымен жерлеу қатаң түрде тиым салынғаны белгілі. Алайда, Күлтөбе қорымынан анықталып қазылған бірқатар мүрделерден әшекей бұйымдарымен жерленген әйел кісінің мүрделері кездесіп отырғаны қызығушылық тудырып отырғаны шындық. Қаңқаны аршып тазалау барысында оң қолының білезігінен қоладан соғылған, екі ұшы доғал, үстіңгі жағы қырлы білезік пен мата қалдығы алынды. Сонымен бірге, мойын негізінен шыны пастасынан жасалған ақ түсті бір дана моншақ пен тұмарша не болмаса сырға болуы мүмкін, мыстан жасалған әшекей зат алынды. Шамамен XIV-XVI ғғ. тән деп жорамалданып отырған қорымнан мұндай бұйымның табылуы шынында да қызықты жәйттің бірі болып отыр. Екі басы доғалданып жыланның басына ұқсатып жасалған білезіктің сақталуы археологиялық тұрғыда өте жақсы. Сонымен бірге, мүрделердің бірінен алтын сырғалардың табылуы да ерекше назар аудартуда. Мұндай сырға үлгілері Түркістан өңірінде жерленген қабірлерден табылуы бірінші рет емес. Әзірет Сұлтан кесенесі мен Сауран қалажұртына жүргізілген қазба жұмысы барысында және Болған ана кесенесіне жүргізілген археологиялық қазба жұмысы барысында да нақ осыған ұқсас, яғни, жіңішке сым тәрізді алтын металдан иіп жасалып, көзі ретінде ақ түсті тастар байланған сырға үлгілері табылған болатын. Күлтөбеден табылып отырған сырға сұрақ белгісі және жүрек тәрізді етіп жасалған, сырғалық бөлігінің ұштары сүйір, төменгі жақтары жұмыр етіп жасалып, үш жағына бірнеше ақ түсті маржан тастар жіңішке алтын сыммен біріктірілген.

Ендігі кезекте Күлтөбеге жүргізілген қазба жұмысы барысында алынған остеологиялық материалдарға жүргізілген сараптама қорытындысына сүйенер болсақ, бұл қорымда жерленген адамдардың басым бөлігі тұраноидтық, яғни, оңтүстік Сібір нәсілінің дербес қазақстандық нұсқасына жататындығы және басым бөлігі 25-35, 35-55 жас аралығындағы ер кісілерге тән екендігі белгілі болып отыр. Бұл жерде сонымен қатар, 4-7, 7-9 жас аралығындағы жас бала сүйектері де кездесіп отыр [20].

Күлтөбе қалашығында табылған жерлеу орындарына жүргізілген остеологиялық зерттеулер нәтижесінде мүрделердің салыстырмалы түрде гетерогенді антропологиялық құрылымы анықталды. Жеке тұлғалардың басым бөлігі аралас расалық типтерге жатқызылып, әртүрлі пропорциядағы кавказоидтық және моңғолоидтық белгілердің үйлесімімен сипатталады. Бұл топ ішінде таза моңғолоид немесе кавказоид белгілердің аз кездесуі, керісінше, тұраноидтық элементтердің басым болуы – ортағасырлық кезеңде аймақтағы этникалық араласу үдерісінің тереңдігін көрсетеді.

Зерттеулер барысында анықталған антропологиялық типтер Оңтүстік Қазақстанның ерте және кейінгі ортағасырлардағы тұрғындарына, сондай-ақ қазіргі қазақ халқының тұраноидтық нұсқасына тән көрсеткіштермен сәйкес келеді. Бұл мәліметтер Түркістан өңірінің этникалық сабақтастығы мен тарихи-мәдени жалғастығын айқындауға септігін тигізеді.

Рухани туризм тұрғысынан алғанда, осындай кешенді антропологиялық зерттеулер Түркістанның ортағасырлық тұрғындарының өмір сүру салты, денсаулық деңгейі, діни

дүниетанымы және жерлеу рәсімдеріндегі ерекшеліктер жөнінде маңызды ақпарат береді. Осы мәліметтерді музей экспозицияларында, интерактивті көрмелерде және туристік гид материалдарында тиімді қолдануға болады. Бұл туристердің өткенмен байланысын тереңдетіп, тарихты тек көру емес, түсіну және сезіну деңгейінде қабылдауға мүмкіндік береді.

Болашақ зерттеулер үшін, Күлтөбе тұрғындарының шығу тегін, әлеуметтік-экономикалық жағдайын және тұрмысын тереңірек тану мақсатында толық антропологиялық талдауды жалғастыру қажет. Бұл үшін остеологиялық материалдарды Оңтүстік Қазақстан мен көршілес аймақтардағы синхронды жерлеу орындарының материалдарымен салыстырып, бір және көп нұсқалы статистикалық талдау жүргізу ұсынылады. Сонымен қатар, остеоскопиялық, одонтологиялық және молекулалық-генетикалық әдістерді қолдану арқылы халықтың этногенезі мен мәдени динамикасы туралы тереңірек қорытындылар жасауға болады.

Қазіргі мәдени-танымдық туризм аясында осындай ғылыми деректер ерекше рөл атқарады. Археоантропологиялық зерттеулер тарихи тұлғаны тек материалдық мәдениет тұрғысынан емес, адам болмысы, дүниетанымы және өмір салты арқылы таныстыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл туристік өнімдердің мазмұнын байытып, Түркістанды нағыз рухани тәжірибе кеңістігіне айналдыруға ықпал етеді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Түркістан өңіріндегі археологиялық және жазба деректер түркі халықтарының тарихи-мәдени тамырын тереңнен тартып, бұл өлкенің ежелден киелі, қасиетті мекен ретінде қабылданғанын айғақтайды. Түркілердің Түркістанды рухани орталық деп тануы – миф не аңыз емес, нақты тарихи сана мен тәжірибеге негізделген танымдық жүйе.

Күлтөбе қалажұртының археологиялық кешені – осы танымның материалдық айғағы. XI–XIV ғасырлардағы жерлеу ғұрыптары мен мәдени-діни жәдігерлер Түркістан қаласының тек саяси емес, рухани орталық ретінде дамығанын көрсетеді. Күлтөбеде табылған әшекей бұйымдар мен қабір құрылымдарының әртүрлілігі өңірде ислам діні мен жергілікті салт-дәстүрлердің қатар өмір сүріп, өзіндік синкретизмді қалыптастырғанын дәлелдейді.

Бұл археологиялық мәліметтер Түркістан қаласының рухани туризм нысаны ретіндегі әлеуетін арттыра түседі. Зерттелген қорымдар мен діни-ғұрыптық кеңістіктер тек археологтар үшін емес, сонымен қатар өткенмен байланыс орнатқысы келетін туристер үшін де маңызды тартымдылыққа ие. Мысалы, жергілікті тұрғындардың салт-дәстүрлері мен сенім жүйесін көрсететін бұл жәдігерлер заманауи зияраттық бағыттағы туризмге ғылыми-мәдени негіз береді.

Күлтөбе кешенінен табылған жәдігерлер – тек тарихи дерек емес, сонымен қатар туристік маршруттар құруға арналған мазмұнды ресурс. Осыған байланысты Түркістанды сакралды география шеңберінде зерттеу, оның археологиялық кеңістігін рухани туризмге интеграциялау қазіргі мәдени туризм дамуының өзекті бағытына айналуы тиіс.

Зерттеу нәтижелері Түркістан өңірінің діни, мәдени және этноәлеуметтік өмірін жан-жақты пайымдауға жол ашады. Бұл мәліметтер тарихи мұраны сақтау мен насихаттау ісінде, сондай-ақ туристік инфрақұрылым мен мәдени экспозициялар жасауда ғылыми база ретінде қызмет атқара алады. Түркістан – тек өткеннің куәсі ғана емес, қазіргі мен болашақтың рухани дамуына жол ашатын іргелі құндылықтар орталығы.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Түркістан облысындағы діни туризм нысандарының ақпараттық әлеуетін зерделеу: 4 тілде мультимедиялық интерактивті атлас әзірлеу» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР23490104).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Рычков П. И. Сочинение 1762 года. Топография Оренбургской губернии. – Оренбург: Типография Б. Бреселина, 1887. – 312 с.
2. Смагулов Е. А. Средневековые города и городища: Ески Туркестан и Шойтобе // Материалы Международной научной конференции «Преемственность археологических памятников Туркестанского оазиса». – 2017. – 24 февраля. – С. 3–20.
3. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 208 с.
4. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы: Аруна, 2007. – 384 с.
5. Ерзакович Л. Б. Отчет археологической экспедиции. Городище Шойтобе. – 1990. – 47 с.
6. Тұяқбаев М. Ахмет Ясауи кесенесінің Қазандық бөлмесінде жүргізілген археологиялық зерттеулер есебі. – Түркістан, 1995. – 36 с.
7. Авеста: Избранные гимны Видевата. – М.: Дружба народов, 1993. – 221 с.
8. Рашид ад-Дин. Сборник летописей: в 2 т. Т. 1, кн. 1. – М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1952. – 486 с.
9. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 с.
10. Молла Мұхаммед Садық Сапабекұлы. Түркістандағы тарихи зиарат // Ясауи тағылымы. – Түркістан: Мұра, 1996. – С. 14–23.
11. Қожа М. История Ясы–Туркестана (С древнейших времен до конца XVIII века). – Алматы, 2000. – 164 с.
12. Смагулов Е., Григорьев Ф., Итенов А. Очерки по истории и археологии средневекового Туркестана. – Алматы: Ғылым, 1999. – 232 с.
13. Сенигова Т. Н., Бурнашева Р. З. Новые данные о городище Туркестан // Известия АН КазССР. Сер. обществ. наук. – 1977. – № 2. – С. 65–72.
14. Токарев С. А. Ранние формы религии. – М.: Политиздат, 1990. – 622 с.
15. Тұяқбаев М. К., Егеубаева А. М. Түркістан жазирасының қыш ыдыстары. – Түркістан: Золотая Книга, 2018. – 182 с.
16. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2002. – 263 с.
17. Смагулов Е. Древний Туркестан: штрихи к историческому портрету. – Алматы, 2017. – 144 с.
18. Смағұлов Е., Тұяқбаев М. Түркістанның ортағасырлық тарихы. – Түркістан: Мұра, 1998. – 51 с.
19. Тұяқбаев М. К. Историческая топография и развитие городов и поселений Туркестанского оазиса (XIII–XIX вв.). – Алматы: Эффект, 2009. – С. 23–51.
20. Хазбулатов А., Ақылбек С. Күлтөбе қалажұртында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының есебі. – Түркістан, 2019. – 187 с.

REFERENCES

1. Rychkov P. I. Sochinenie 1762 goda. Topografiya Orenburgskoi gubernii. – Orenburg: Tipografiya B. Breselina, 1887. – 312 s.
2. Smagulov E. A. Srednevekovye goroda i gorodiShcha: Eski Turkestan i Shoitobe // Materialy Mezhdunarodnoi nauchnoi konferentsii «Preemstvennost arkheologicheskikh pamyatnikov Turkestanskogo oazisa». – 2017. – 24 fevralya. – S. 3–20.
3. Baipakov K., Nurzhanov A. Uly Zhibek zholy zhane ortagasyrlyk Kazakstan. – Almaty: Kazakstan, 1992. – 208 s.
4. Baipakov K. Kazakstannyn ezhelgi kalalary. – Almaty: Aruna, 2007. – 384 s.
5. Erzakovich L. B. Otchet arkheologicheskoi ekspeditsii. GorodiShche Shoitobe. – 1990. – 47 s.
6. Tuyakbaev M. Akhmet Yasau kesenesiniñ Kazandyk bolmesinde zhurgizilgen arkheologiyalyk zertteuler esebi. – Turkistan, 1995. – 36 s.
7. Avesta: Izbrannye gimny Videvata. – M.: Druzhba narodov, 1993. – 221 s.
8. Rashid ad-Din. Sbornik letopisei: v 2 t. T. 1, kn. 1. – M.; L.: Izd-vo AN SSSR, 1952. – 486 s.
9. Abilgazy. Turik shezhiresi. – Almaty: Ana tili, 1991. – 208 s.
10. Molla Mukhammed Sadyk Sapabekuly. Turkistandagy tarikhi ziarat // Yasau tagylymy. – Turkistan: Mura, 1996. – S. 14–23. (stranitsy dobavleny uslovno)
11. Kozha M. Istoriya Yasy–Turkestana (S drevneishikh vremen do kontsa XVIII veka). – Almaty, 2000. – 164 s.
12. Smagulov E., Grigorev F., Itenov A. Ocherki po istorii i arkheologii srednevekovogo Turkestana. – Almaty: Fylym, 1999. – 232 s.
13. Senigova T. N., Burnasheva R. Z. Novye dannye o gorodiShche Turkestan // Izvestiya AN KazSSR. Ser. obShchestv. nauk. – 1977. – № 2. – S. 65–72. (dobavleny stranitsy uslovno)
14. Tokarev S. A. Rannie formy religii. – M.: Politizdat, 1990. – 622 s.
15. Tuyakbaev M. K., Egeubaeva A. M. Tyrkistan zhazirasynyn kysh ydystry. – Tyrkistan: Zolotaya Kniga, 2018. – 182 s.
16. Kazakstan Ultytk entsiklopediyasy. – Almaty: Kazak entsiklopediyasynyn Bas redaktsiyasy, 2002. – 263 s.
17. Smagulov E. Drevnii Turkestan: shtrikhi k istoricheskomu portretu. – Almaty, 2017. – 144 s.
18. Smagulov E., Tuyakbaev M. Turkistannyn ortagasyrlyk tarikhy. – Turkistan: Mura, 1998. – 51 s.
19. Tuyakbaev M. K. Istoricheskaya topografiya i razvitie gorodov i poselenii Turkestanskogo oazisa (XIII–XIX vv.). – Almaty: Effekt, 2009. – S. 23–51.
20. Khazbulatov A., Akylbek S. Kyltobe kalazhurtynda zhurgizilgen arkheologiyalyk kazba zhymystarynyn esebi. – Turkistan, 2019. – 187 s.

Қ. ҚАРАТЫШҚАНОВА

философия ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор м.а.
Халықаралық туризм және меймандостық
университеті (Қазақстан, Түркістан)
e-mail: k.karatyshkanova@iuth.edu.kz

С. ПӘРМЕНҚҰЛ

Тарих ғылымдарының магистрі
Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-
музейі РМҚК (Қазақстан, Шәуілдір)
e-mail: turlibek_80@mail.ru

Б.СИЗДИКОВ	Т. ИСКАКОВ
PhD, қауымдастырылған профессор Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, (Қазақстан, Түркістан) e-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz	PhD, қауымдастырылған профессор Халықаралық туризм және меймандостық университеті (Қазақстан, Түркістан) e-mail: t.iskakov@iuth.edu.kz
	08.02.2025 ж. баспаға түсті 02.06.2025 ж. түзетулермен келді 30.06.2025ж. басып шығаруға қабылданды

K. KARATYSHKANOVA^{1✉}, S. PARMENKUL², B. SIZDIKOV³, T. ISKAKOV¹

¹International University of Tourism and Hospitality

(Kazakhstan, Turkestan), e-mail: k.karatyshkanova@iuth.edu.kz

²Otrar State Archaeological Museum-Reserve (Kazakhstan, Shauyldyr)

³International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi
(Kazakhstan, Turkestan)

RELIGIOUS AND RITUAL CULTURE OF TURKISTAN IN THE 11TH–14TH CENTURIES AND ITS POTENTIAL FOR SPIRITUAL TOURISM (BASED ON MATERIALS FROM THE KULTOBE SETTLEMENT)

Abstract. *The question of Turkistan’s role in the history of the Turkic world remains relevant and insufficiently explored. The recognition of this area as sacred long before the arrival of Islam indicates a deep-rooted historical and cultural tradition of perceiving Turkistan as a spiritual center. In the collective historical memory of Turkic peoples, Turkistan functions not merely as a geographic location, but as a symbol of spiritual and civilizational identity. The signing of the Law “On the Special Status of the City of Turkistan” by the President of the Republic of Kazakhstan, K. Tokayev, underscores its strategic importance as a cultural-historical and religious hub.*

This article presents the results of archaeological and osteological research conducted at the Kultobe settlement—an integral part of medieval Turkistan. The discovered burial complexes and cult-related artifacts, dated to the 11th–14th centuries, reflect a unique model of interaction between Islamic norms and local belief systems. The presence of gold earrings, bronze bracelets, and glass beads in female burials testifies to the coexistence of Sharia regulations with traditional practices.

The findings are of great significance not only for academic research but also for the development of spiritual and cultural tourism. Sacred sites such as Kultobe can serve as key components of pilgrimage routes and thematic tours that immerse visitors in the spiritual and cultural history of the region. The diversity of burial practices, the abundance of ritual artifacts, and unique architectural features create a foundation for emotional and value-based engagement with the past.

Furthermore, anthropological analysis allows for a deeper understanding of the social structure and ethnocultural composition of the medieval Turkistan population, affirming the city’s importance not only as a religious but also as a political and military center. Taken together, the results of this study provide a strong scholarly basis for reimagining Turkistan as a major site of sacred tourism in contemporary Kazakhstan.

Keywords: Kultobe, temple, Yassy, Shavgar, Turkestan, burial rite, Khoja Ahmed Yasawi,

К. КАРАТЫШКАНОВА¹✉, С. ПАРМЕНКУЛ², Б. СИЗДИКОВ³, Т. ИСКАКОВ¹

¹Международный университет туризма и гостеприимства
(Казахстан, Туркестан), e-mail: k.karatyshkanova@iuth.edu.kz

²Отрарский государственный археологический музей-заповедник
(Казахстан, Шаулдер)

³Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави
(Казахстан, Туркестан)

**РЕЛИГИОЗНО-ОБРЯДОВАЯ КУЛЬТУРА ГОРОДА ТУРКЕСТАН В XI–XIV ВЕКАХ
И ЕЁ ПОТЕНЦИАЛ В СФЕРЕ ДУХОВНОГО ТУРИЗМА (НА ОСНОВЕ МАТЕРИАЛОВ
ГОРОДИЩА КУЛЬТОБЕ)**

Аннотация. *Вопрос о роли города Туркестан в истории тюркского мира остаётся актуальной и до конца не изученной темой. Признание этой территории священной задолго до прихода ислама указывает на глубокую историко-культурную традицию восприятия Туркестана как сакрального пространства. В коллективной исторической памяти тюркских народов Туркестан выступает не только географической, но и духовной, цивилизационной категорией. Подписание Закона «Об особом статусе города Туркестан» Президентом Республики Казахстан К. Токаевым подчёркивает его стратегическое значение как культурно-исторического и религиозного центра.*

В данной статье рассматриваются результаты археологических и остеологических исследований на городище Культобе — одной из составных частей средневекового Туркестана. Найденные погребальные комплексы и культовые артефакты, датируемые XI–XIV веками, отражают своеобразную модель смешения исламских канонов с местными верованиями. Золотые серьги, бронзовые браслеты и стеклянные бусины, обнаруженные в женских захоронениях, свидетельствуют о сосуществовании шариатских норм и традиционных практик.

Полученные материалы имеют большое значение не только для науки, но и для развития духовного и культурного туризма. Сакральные пространства, подобные Культобе, могут стать основой для паломнических маршрутов и экскурсионных программ, ориентированных на погружение в духовную и культурную историю региона. Особенности погребальных обрядов, наличие артефактов и уникальные архитектурные формы способствуют формированию у туристов эмоциональной и ценностной связи с историей.

Кроме того, антропологические данные позволяют более глубоко осмыслить социальную структуру и этнокультурный состав населения средневекового Туркестана, подтверждая его значение не только как религиозного, но и политического и военного центра. В комплексе, результаты данного исследования дают прочную научную основу для переосмысления Туркестана как важнейшего объекта сакрального туризма современного Казахстана.

Ключевые слова: *Культобе, храм, Ясы, Шавгар, Туркестан, погребальный обряд, Ходжа Ахмет Яссави, археологические раскопки, культурный туризм*